

# Әйтеке би көпсалалы колледж кітапханасы

## Кітапхананың негізгі міндеттері:

Әйтеке би көпсалалы колледж кітапханасы пайдаланушыларының талабын қанағаттандырып, кітап қорын сақтап және кітап қорымен жұмысты жандандырады.

## Кітапхананың негізгі сандық көрсеткіштері.

Кітапхана атауы	Кітап қоры	Оқырмандар саны	Кітап берілімі	Келушілер саны
Әйтеке би көпсалалы колледжі кітапханасы	8377	266	5980	3641

## Ақпараттық қорлар

Кітапханаға «Егемен Қазақстан», «Ақтөбе», «Ана тілі», «Білімді ел», «Жаналық жаршысы» газеттері және «Современное образование» журналы келеді, реттік сандары бойынша жинақталуда.





Мемлекет басшысы Қасым- Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты әңгіме сағаты ұйымдастырылды. Біз еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белеске жақындап келеміз. Отыз жылға жуық уақыт бұрын халқымыз өзінің Тәуелсіздігін жариялап, бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманын орындады. Баянды бірлігіміздің арқасында тәуелсіздігімізді нығайтып, халқымыздың жағдайын жақсартуға жол аштық. Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін есептеп, еліміздің дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр. Біз бұған Елбасы саясатының сабақтастығын сақтап, жүйелі реформалар жүргізу арқылы қол жеткізе аламыз. Кешке барлығы 21 оқырман қатысты.

«Абай дана , Абай дара қазақта » атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Аудандық кітапхана қызметкері А.Ермағанбетова , Н.Дәрібаева ақынның шығармаларына библиографиялық шолу жүргізді. Көрмеге I курс студенттері қатысты. Студенттер бір –бірімен көрмеден алған әсерлерімен бөлісті.



Әйтеке Байбекұлы (1644-1700 жж.)- қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Әллімұлы тайпасының төртқара руынан шыққан. Әмір- темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы. Бүкіл парсы, өзбек, қырғыз, қазақ жұрты «Синесоф буа» (жаны пәк жан) атағанн Сейіткұл әулетінің үшінші ұрпағы. Әбілқайыр ханға дейін Кіші жүздің сөзін ұмтаған қазақтың биі. Есім хан тұсында Самарқанды билеген Жалаңтөс батырдың жақын туысы. Әйтеке бес жасында молдадан оқып сауатын ашқан.



«Елбасы елдің келбеті » атты тұңғыш Президент күніне орай I топ студенттері арасында ауызша журнал ұйымдастырылды. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – әлемнің қазіргі тарихындағы кемеңгер тұлға. Елбасы жер- жаһанға мемлекетті бейбіт және ядролық қарусыз саясатын паш етіп, Қазақстанды жоғары халықаралық деңгейге шығарды.

Мемлекет басшысының бастамасымен тәуелсіздік жылдарында экономикалық, саяси әлеуметтік реформалар жүзеге асырылды. Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық бастамалары, болашақты болжай білетін көрегенділігі, сарабдал саясаткерлігі арқасында көпұлтты мемлекетіміз дамудың даңғыл жолына түсті.

Поэзия патшайымы Қазақстанның халық жазушысы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қоғам қайраткері Ф.Оңғарсынованың өнегілі өмір жолын, өнерін, ер мінезін, асқақ рухын студенттерге насихаттау. Поэзия әлеміне, сөз өнеріне сүйіспеншілігін арттыру. Аяулы ақын апамызға деген оқырмандар махаббатын одан әрі үстей түсу мақсатында «Жыр әлемінің Фаризасы» атты ұсыныстық библиографиялық көрсеткіш ұсынылды. Қазақ даласын өзінің құнарлы жырымен сусындатқан қақтың ерке, ақын қызы Фариза туған еліне өз жырларын қосып, әр қақтың жүрегіне салмақты ой сала білге, қайталанбас дарын иесі. Оның өлеңдері арқылы күш алып болашаққа нық сеніммен аттанған бүгінгі ұрпағымыз Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы алдында тағзым етеді.



«Елімнің еркіндігі - Тәуелсіздік» тақырыптық кеш ұйымдастырылды. Бұл өткізілген іс-шараның мақсаты: тәуелсіз елін шексіз сүйуге, тәуелсіздікті аңсаған ата баба аманатына адал болуға, ерлігінен үлгі алуға насихаттау болды. Кітапханада өткізілген шараға қатысқан адам саны-25. «Тәуелсіздік күні-қақтың жеке мемлекеттік жалауы желбіреген тарихи күн. Бұл - еліміз үшін үлкен мәртебе.»- деді аудандық кітапхана қызметкері Ермағанбетова Ақмарал. «Тәуелсіз ел - Қазақстан» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалды. Кешке аудандық кітапхана қызметкерлері

Басыгарина Гүлназ, Ермағанбетова Ақмарал және ГҚЖ – 5 тобы студенттері қатысты. Кітапханашы кешке арнайы шақырумен келген қонақтарға рахмет айтып, естелікке суретке түсуге шақырды.



Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына -175 жыл «Абай мұрасы – халық қазынасы»-атты тұрақты кітап көрмесі жасалды. Кітап көрмесі ұлы ақынның өлеңдерін, қара сөздерін және ақын туралы жазылған әдебиеттерді қамтиды. «Абай жаққан бір сәуле сәнбеу үшін» -атты виртуалды кітап көрмесі жасалды.

Алтын Орданың 750 жылдығына орай Әйтеке би көпсалалы колледж кітапханасында «Ұлытау – Алтын Орда бесігі » атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жүргізілді. Тағлымы мол бұл көрмеде Алтын Орданың құрылу тарихына, мемлекеттің саяси құрылымына және Алтын Орда дәуіріндегі сәулет өнері ескерткіштеріне кеңінен тоқталды. Колледж студенттері тарапынан тақырыпқа қатысты сұрақтар қойылып, оларға тұщымды жауаптар алынды .




«Өзін – өзі тану : Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы» онкүндіктің аясында «Ана, Мейірім,Әлем - Достық» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Кеш қонақтары Г.Қонысбаева, Г. Ауезова, А.Орынбекова, Г.Басыгарина, Н. Дәрібаева ГҚЖ-1 тобы студенттері.Кеш Сара Алпысқызының өмірімен байланысты өтті. Сергіту сәтімен басталып, Сара Алпысқызының өмірінен сұрақ- сауалнама жүргізіліп, «Анашым менің байлығым» атты көрініс қойылып, көрермен көңілінен шықты. Ана мен баланың бір – біріне деген мейірімі мен сүйіспеншілігін көрсете білді. Дулатов Арман М.Мақатаевтың «Ана» атты жырын мәнерлеп оқыды. Кешке қатысқан қонақтар құттықтау сөз алып, жүрек жарды тілектерін білдірді. Қонақтар мен студенттерге кітапханашы алғысын білдірді.



1 – Наурыз Алғыс айту күніне орай « Алғыс жүректен шығады» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Талайлы тағдырлардың басын өз шаңырағының астына біріктіріп, қанатымен су сепкен қарлығаштай, қамқорлығына алған Қазақстанда адамның адамға құрмет көрсететін күн деп белгіленді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев барлық ұлттың бір-біріне және қазақтарға алғыс айту күнін бекітті.



Ұлы жеңістің 75 жылдығына арналған «Желбіре жеңіс жалауы» атты студенттер арасында эссе жазудан шығармашылық байқау өтті. Аспаз-7 тобының студенттері Ораз Элнара Әлитханқызы, Төлебай Гаухар, Жалғасбаева Алфия Ақылбекқызы т.б студенттер қатысты. Олар байқауға Ұлы Отан соғысына қатысқан өздерінің туған – туыстары туралы эсселерін ұсынды. Үздік эссе және суреттер шығармалар топтамасына еңгізілді.



4 маусым Қазақстан Республикасының Рәміздері күні . Мемлекеттік рәміздер- Ту, Елтаңба және Әнұран Қазақстан Республикасының дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы әрі мемлекетіміздің өткені мен бүгіні және



болашағы арасындағы сабақтастығының жарқын көрінісі. «Туым- намыс, ұраным- бірлік , Рәміздерім -мақтанышым» атты электронды көрме ұсынылды.

Ұйымдастырылған іс –шаралар жергілікті жаңалық жаршысы газетіне жарияланып тұрады. «Алуан ұлттың қазаққа алғысы шексіз» алғыс айту күніне орай, Бір ел бір кітап акциясы аясында «Алаш арысы – Сұлтанмахмұт Торайғыров » атты аудандық кітапхана қызметкері А.Ермағанбетова кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл- ауқатын өсіру : табыс пентұрмыс сапасын арттыру » атты Қазақстан халқына Жолдауы студенттерге , колледж қызметкерлеріне кең көлемінде насихаттау жұмыстары жүргізілді.





2018 жылы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы ұйымдастырған «Білім беру ұйымының ақпараттық – білім беру кеңістігінің қатыстырудағы кітапхананың рөлі » сертификат, QALAMGER.KZ ӘДЕБИ ТАНЫМДЫҚ ПОРТАЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН I РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС..» атты «Абай оқулары» байқауына қатысып үздік нәтиже көрсеткені үшін дипломмен марапатталдым.

Кітапханашы : Боханова В.Т